

Пациентке арналған жадынама-карта

Бұл жадынама-картада қауіпсіздік туралы маңызды ақпарат бар, оны онкологиялық аурулар кезінде золедрон қышқылымен (Золекс) емдеуді бастар алдында және емдеу барысында ескеру қажет.

ЖАҚСҮЙЕК ОСТЕОНЕКРОЗЫ (ЖОН)

Емдеуші дәрігеріңіз Сізге сүйектегі метастазалардан туындаған асқынулардың (мысалы, сынықтардың) дамуының алдын алу және/немесе ісік үдерісінің аясында қандағы кальций деңгейі жоғарылаған кезде оны төмендету үшін золедрон қышқылының (Золекс препараты) инфузиясын ұсынды.

Золедрон қышқылымен емдеудің белгілі жағымсыз әсерлерінің бірі **жақсүйек остеонекрозы (ЖОН)**, яғни жақсүйектің сүйек тінінің зақымдануы болып табылады. Бұл жағымсыз әсер тіркелуі жиі емес. ЖОН емдеуді тоқтатқаннан кейін де дамуы мүмкін.

ЖОН даму қаупі төмендету үшін кейбір сақтық шараларын қадағалау керек:

Ем басталар алдында:

- ❖ Емдеуші дәрігеріңізден Сізге ем басталғанға дейін ЖОН туралы айтып беруін сұраңыз.
- ❖ Золедрон қышқылымен (Золекс препараты) ем басталғанға дейін Сізге стоматологиялық тексеру қажет пе, жоқ па, дәрігерден нақтылап біліңіз.
- ❖ Егер Сізде ауыз қуысының немесе тістің қандай да бір проблемалары болса, емдеуші дәрігеріңізге/медбикеге/кез келген медициналық қызметкерге хабарлаңыз.

Егер Сіз стоматологиялық операция жасатқан болсаңыз (мысалы, тіс жұлғызу), жүйелі стоматологиялық тексеруден өтіп жүрмесеңіз, пародонт ауруларынан зардап шексеңіз, темекі тартсаңыз немесе басқа ісікке қарсы емдеу әдістерін алып жүрсеңіз, онда Сізде ЖОН даму қаупі жоғарылайды.

Емдеу кезінде:

- ❖ Ауыз қуысының гигиенасын мұқият сақтау және стоматологиялық тексеруден ұдайы өтіп жүру қажет.

- ❖ Егер Сіз тіс протездерін пайдалансаңыз, олардың дұрыс жанасып тұрғанына және жарақат туғызбайтынына көз жеткізу керек.
- ❖ Егер Сізді алда стоматологиялық емдеу немесе ауыз қуысына хирургиялық араласу (мысалы, тіс жұлғызу) күтіп тұрса, бұл туралы дәрігерге және стоматологқа міндетті түрде хабарлап, Сіз золедрон қышқылымен (Золекс препараты) емделіп жүргеніңізді мәлімдеңіз.
- ❖ Ауыз қуысының немесе тістердің мынадай проблемаларының кез келгені пайда болған кезде дәрігерге немесе стоматологқа дереу жүгініңіз: тістердің босауы, ауыруы, ісінуі, жазылмайтын ойықжаралар немесе жақсүйек аймағынан шығындылар – бұл симптомдар ЖОН белгілері болуы мүмкін.

Қосымша ақпарат алу үшін қосымша парақпен танысып шығуды өтінеміз.

Жағымсыз реакциялар туралы хабарлау:

Егер Сізде қандай да бір жағымсыз реакциялар пайда болса, дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз. Осындай нұсқау кез келген болуы мүмкін, оның ішінде медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықта/қосымша парақта атап көрсетілмеген кез келген ықтимал жағымсыз реакцияларға да қатысты болады. Сізге жағымсыз реакциялар жөнінде тікелей мәлімдеуге де болады (төменнен қараңыз). Жағымсыз реакциялар туралы хабарлай отырып, Сіз препарат қауіпсіздігі туралы көбірек мәлімет алуға көмектесесіз.

Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

010000, Астана қ., Байқоңыр ауданы, А. Иманов көш., 13-үй

Тел.: +7 7172 235 135

Электрондық пошта: pdlc@dari.kz

Интернет-сайт: <http://www.ndda.kz>